

Мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы "Mir"

№4 әдістемелік кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: «03» сәуір 2024 жыл

Өткізілген орны: Музыкалық зал

Қатысқандар: 10 педагог

Қатыспағандар: 0

Төраға: Жиенбаева М.Б

Хатшы: Рахатова А.Б.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру бойынша «Әлеумет» білім беру саласы бағдарламалық мазмұнының орындалуы туралы салыстырмалы бақылау қорытындысы.
2. Аттестатталатын педагогтердің портфолиосын талдау.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Меңгеруші Едигина Жадыра Ондасыновна балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру бойынша жүргізілген салыстырмалы бақылау нәтижелерімен таныстырды.

Бақылау барысында тәрбиеленушілердің қол жуу мәдениеті, ас құралдарын дұрыс қолдануы, тамақтану кезіндегі тәртіп ережелерін сақтауы, майлықтарды пайдалануы, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары қарастырылды.

Бақылау нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігінде мәдени-гигиеналық дағдылардың қалыптасқандығы анықталды. Балалар күнделікті өмірде жеке бас гигиенасын сақтауға, үстел басындағы мінез-құлық ережелерін орындауға дағдыланған. Педагогтер тарапынан жүйелі жұмыстар жүргізілгені байқалды.

Сөйледі: Асель Бериковна балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруда ойын технологияларын, көрнекіліктерді және күнделікті режимдік сәттерді тиімді пайдалану қажеттігін атап өтті.

Еркетай тобы ата-аналармен бірлескен жұмысты күшейту арқылы балалардың дағдыларын бекітуге ұсыныс білдірді.

Қаулы:

1. «Әлеумет» білім беру саласы бойынша бағдарламалық мазмұнның орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтер балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмысты жүйелі түрде жалғастырсын.
3. Ата-аналарға мәдени-гигиеналық дағдыларды үй жағдайында бекіту бойынша кеңестер ұйымдастырылсын.
4. Бақылау нәтижелері педагогикалық кеңесте қарауға ұсынылсын.

Тындалды:

Портфолиолар Қазақстан Республикасы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес рәсімделген. Құжаттарда педагогтердің кәсіби жетістіктері, оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелері, әдістемелік қызметі, кәсіби даму курстары мен тәрбиеленушілердің жетістіктері толық қамтылған. Талдау барысында педагогтердің инновациялық технологияларды қолдануы, білім беру бағдарламасын сапалы іске асыруы және кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейі анықталды.

Сөйледі:

Ересек тобы тәрбиешісіне педагогтердің кәсіби тәжірибесін тарату және әдістемелік іс-шараларға белсенді қатысуын жалғастыруды ұсынды.

Қаулы:

1. Аттестатталатын педагогтердің портфолиолары белгіленген талаптарға сәйкес деп танылсын.
2. Педагогтерге кәсіби жетістіктерін толықтыру және жүйелеу бойынша ұсынымдар берілсін.
3. Үздік педагогикалық тәжірибелерді мекеме деңгейінде тарату ұйымдастырылсын.
4. Аттестаттау материалдарын белгіленген мерзімде тапсыру қамтамасыз етілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшы:

